

2016 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 тамыздағы № 371 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 тамызда № 6595 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген) сәйкес, Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Облыс әкімі

A. Мұхамбетов

Әкімдіктің
2016 жылғы 9 тамыздағы
№ 371 қаулысымен бекітілген

2016 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да

тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қоргалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

№ к/ б	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі	1 гектарға субсидиялардың нормалары, теңге
1	2	3
1.	Жаздық Күздік бидай	жұмсақ бидай 300
2.	Жаздық қатты бидай	800
3.	Сұлбы Арап Тарпы Қаракүмық	1500
4.	Күздік кара бидай	1000
5.	Бұршак Нұт Жасымық	2000
6.	Күнбағыс	6000
7.	Рапс	4500
8.	Зығыр	6000
9.	Мақсары	3000
10.	Картоп	40000 70000 (тамшылатып суару)
11.	Көкөністер	50000 70000 (тамшылатып суару) 2000000 (барлық түрдегі жылыжайларда топырақтың қоргалған жағдайларында, 2 дақыл айналымы)
12.	Бақша дақылдары	20000
13.	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	5000
14.	Сүрлемдік жүгері	80000 (суаруға)
15.	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бүршак түкимдас көпжылдық шөптер	5000 80000 (суаруға)
16.	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	5000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК